

«Еркетай» бөбекжай- бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Ырғыз ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Еркетай» бөбекжай-бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының
өзін-өзі бағалау қорытындысы**

**Құмтоғай ауылы
2021 жыл**

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ырғыз ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«Еркетай» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны бойынша
өзін-өзі бағалау өткізу нәтижелерінің
АНЫҚТАМАСЫ**

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 54 бабы 4 тармағына «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысы Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департамент басшысының 2021 жыл 23-қарашасы № 17-12-04-6/1160 бұйрығы негізінде 2021 жылдың 20-желтоқсаны мен 24- желтоқсан аралығында «Еркетай» бөбекжай-бақшасы өзін-өзі бағалауды өткізді.

Өзін-өзі бағалаудың мақсаты: ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талабына сай жүзеге асырылуын анықтау.

Өзін-өзі бағалау кезінде тексеріліп сарапталды:

1. Мектепке дейінгі мекеменің жалпы сипаттамасы;
2. Білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары
3. Тәрбие процесін ұйымдастыру;
4. Білім беру үшін қолайлы жағдай жасау;
5. Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету
6. Тәрбиеленушілердің білімін бағалау. «Бағдарлама» салалары бойынша балалардың білім деңгейінің диагностикасы;
8. Өзін-өзі бағалаудың нәтижелерін қорытындылау.

1. Мекеменің жалпы сипаттамасы:

Білім беру ұйымының толық атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ырғыз ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Еркетай» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны .

Заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, индекс 030717, Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Құмтоғай селолық округі, Құмтоғай селосы, Оразбай Жұмабаев көшесі, 2 ғимарат

Заңды тұлғаның байланыс деректері: Тел/факс: 8(713 43)73-1-17 Эл. поштасы: erketai_bobekzhai_bakshasi@mail.ru

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: Сарпикова Амангул Болатбекқызы 18.11.1963 жылы Ырғыз аудандық білім бөлімі басшысының № 01 - 03 бұйрығымен тағайындалған.

Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттар:

Ұйымының Жарғысы – Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 23 желтоқсанының №469 қаулысымен бекітілген; «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамның Ақтөбе облысы бойынша филиалының Ырғыз ауданының бөлімімен заңды тұлғаға мемлекеттік қайта тіркеу 2021 жылғы 11 қаңтарда жүргізілген.

Бөбекжай-бақшасының Жарғысында - оқыту тәрбиелеу ісі мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты негізінде жасалған оқу жоспарлары және бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылуы және білім беру ұйымдарына қабылдау тәртібі, білім беру процесін ұйымдастыру тәртібін (оның ішінде оқыту және тәрбиелеу тілі, тәрбиеленушілерді бөбекжай-бақшасында орынының сақталуы мен шығару негіздерін және тәртібін, білім беру ұйымының тәрбиеленушілермен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қатынастарын ресімдеу тәртібі басшылыққа алынған.

Заңды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы БИН 061040006468, 11.01.2021 жылы № 64-1904-07МК берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні- 26.10.2016 жыл.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ырғыз ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Еркетай» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны - Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы «23» желтоқсандағы №469 қаулысының негізінде қайта құрылды.

Рұқсат беру құжаттары: Білім беру қызметін жүзеге асыруды бастағаны туралы хабарлама №KZ38RVK00034432
Берілген күні: 13.04.2021 жыл.

2.2. 2017-2021 -2022 оқу жылдарындағы ұйымдастырылған оқу қызметінің кестелері:

2017-2018 оқу жылы, 2018-2019 оқу жылы, 2019-2020 оқу жылы, 2020-2021 оқу жылы және 2021-2022 оқу жылы бойынша ұйымдастырылған оқу іс әрекетінің кестесін құруда балалардың жас ерекшеліктері, оқу әрекетінің мазмұны есепке алынған. Оқу жылының ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі бөбекжай-бақшасы меңгерушісімен бекітілген, ҚР МЖМБС талаптарына сәйкес жасалған. Балалардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып, әртүрлі жастағы қағида бойынша қалыптасқан. Вариативті оқу қызметінде ауытқушылықтар жоқ. Оқыту және тәрбиелеу – мемлекеттік тілде жүргізіледі. Жас ерекшеліктері ескеріле отырып, әртүрлі жастағы қағида бойынша топтар жинақталуы қалыптасқан. Түрлі жас топтарында білім беру процесін жоспарлау, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары» (өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысы), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейдегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (бұдан әрі – МЖМБС) талаптарына сәйкес, "Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі - үлгілік оқу жоспарлары) сәйкес оқу жоспарлары жүзеге асырылған.

2.3. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар: Білім беру ұйымының білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына сәйкес «Еркетай» бөбекжай-бақшасында оқу – тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандартымен нормативті-басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады. Бөбекжай-бақша аптасына 5 (бес) күндік жұмыс жасайды, күніне 10,5 сағат. «Еркетай» бөбекжай-бақшасы» МКҚК сыйымдылығы 50 орын. 2

топ. Бөбекжайда 50 бала тәрбиеленеді. 1-5 жас аралығындағы балалар қабылданады. Күн тәртібі бойынша балалар 3 мезгіл тамақтанады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын тиімді іске асыру мақсатында бөбекжай-бақшасы білім беру процесіне «өтпелі тақырыптар» негізде перспективалық жоспар құрды.

Бағаланатын оқу жылдары бойынша:

«Денсаулық» білім саласы бойынша: Тәрбиешілер: Ш.М.Бисенбаева, А.Ж.Әміржан, Қамысбаева С.С., Ә.Қ.Рза, А.Қ.Ізім ұйымдастырып, меңгерткен «Шынығып шымыр боламыз», «Дені саудың жаны сау», «Біз көңілді баламыз», «Біз спортшымыз», «Қысқы орманға саяхат» т.б. тақырыбындағы ұйымдастырылған. Сауықтыру жұмыстарына қажетті жағдайлар жасалған. Жүйелі түрде балалардың ағзаларын шынықтыру ретінде-таңертеңгі жаттығу, серуенде қимылды ойындар, оқу қызметінде-сергіту сәттері өтіледі. Топтағы сауықтыру шараларына да көңіл бөлінеді: күндізгі ұйқыдан кейін тітіркендіргіш кілемшелермен жүру, релаксациялар, тыныс алу жаттығулары, төсекте жатып орындайтын жаттығулар топтамасы ұйымдастырылған. Қимылды ойын кешен (картотека), дидактикалық ойындар кешендері, бес сала бойынша кешендер, ұйқыдан ояну кешендері, төрт жыл мезгіліне арналған серуен кешендер топтамасы күнделікті пайдаланылады. Денешынықтыру бойынша оқу дағдыларын меңгертті. Тәрбие мен оқытудың мазмұнын іске асыруды балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оларды жан-жақты дамытуға, әлеуметтік дағдыларын және өз бетінше үйрену дағдыларын дамытуға бағытталған білім беру салаларының («Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет») мазмұнын кіріктіру қамтамасыз етілді.

«Таным» білім беру саласы бойынша топ тәрбиешілері «Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру», «Сан мен заттың арасындағы сәйкестікті табу» тақырыбында, тәрбиеші Ш.Бисенбаева «Қысқа-ұзын», «Геометриялық пішіндері», «Қыс қызығы», «Қысқы табиғат», «Үй құстарына жем береміз», «Қазақтың ұлттық киімдері», «Менің отбасым», «Тақырыптарында ұйымдастырылған оқу қызметтерінде балалардың ойлау, ажырату дағдылары қалыптастыра отырып, мақсаттарына кері байланыс алу арқылы жете білді. Балалар мен педагогтың арасындағы өзара байланысы өте тиімді әрі тәрбиелік мәні болды. Балалардың іс-әрекеттері, орындаған тапсырмасы сөйлеу, санау, ажырату арқылы жетік жеткізілді ұйымдастырылған оқу қызметін өткізіп, пішіндер, алыс-жақын ұғымдарын математикалық пішіндер арқылы таныстырып, қорытынды нәтижеге жетті. Жеке-топтық жұмыстарды да ұйымдастыра алды.

«Қатынас» білім беру саласы бойынша топ тәрбиешілері «Сөйлеуді дамыту» бөлімі бойынша «Қысқы табиғат», «Жемістер жыры», «Дәрумендер», «Менің достарым», «Ауылға саяхат», «Қонжық бізде қонақта», тақырыптарындағы ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өткізіп, тәрбиеленушілерге қар, аққала, шаңғы, т.б. жыл мезгілінде қолданылатын сөздермен сөз қорларын, сөйлеуін дамытты, өлеңді жалғастыру арқылы баланың сыни ойлауға дағдыландырды. Суреттерді, заттарды қарау, жанды және жансыз табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу, өзіне таныс ертегілерді сахналауға және драмалық қойылымға қызығушылығы мен ынтасы сияқты оқу дағдыларын қалыптастырды.

«Шығармашылық» білім беру саласы бойынша музыка жетекшісі Р.Түгелова «Ноталар әлемі», «Көңілді сылдырмақтар», «Домбыра-халық даналығы» т.б. әншілердің шығармаларын тыңдата отырып, ән жаттатудың жаңа тәсілін қолданды, «Күмбірле домбыра» күй тыңдай білуді қалыптастыра отырып, сыни ойлау, яғни бала қиялынан туындаған көріністерді күймен кіріктіре отырып әртүрлі ұрмалы аспаптармен қосыла сүйемелдеуге дағдыландырды, «Қамажай» ұлттық би элементтерін меңгертті, топ тәрбиешісі С.Қамысбаева «Сурет салу» бөлімі бойынша «Түрлі-түсті шарлар» тақырыбындағы ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өткізіп, балаларды қол мотрикасын дамытуда дәстүрден тыс тамшымен сурет салу әдісін меңгертті. Сонымен қатар оқу жылдары топ тәрбиешілері мен музыка жетекшісі «Құстар – көктем жаршысы», «Табиғат досымыз», «Ғарыш әлеміне саяхат», «Әжемнің өрнегі», «Ертегілер елінде» т.б. тақырыбындағы ашық көрсетілімдер мен

ұйымдастырылған оқу қызметтері. Бұл сабақтарда балалар жеке және топтық жұмыстарды жасауда белсенділік танытты. Мамандар күтілетін нәтижелеріне жетті.

«Әлеумет» білім беру саласы бойынша топ тәрбиешілері «Туған өлкем», «Тәуелсіз елім-Қазақстан», «Сылдырлайды мөлдір су», «Күн сәулесі», «Аулаға саяхат», «Ауа қайда тығылды», «Орман тұрғындары», «Жаз мезгілі», «Гүлдер» т.б ұйымдастырылған оқу қызметтерінде тәжірибе сағаттарын өткізіп, бала қажеттілігін қанағаттандырды. Балаларды қоғамда өзін-өзі ұстай білудің адамгершілік нормаларын, сондай-ақ жалпы адамзаттық құндылықтарды, баланың ересектермен және құрбыларымен қарым-қатынас жасай білуін, дербестігін тәрбиелеуді, өзінің отбасы мен құрбыларына жақындық сезімін, оларға құрметпен қарауға баулыды. Вариативтік компоненттік бағдарламасы әр оқу жылы бойынша бала қызуғушылығына негізделі отырып жоспарланған.

2017-2018 оқу жылы бойынша вариатив компоненті «Құлыншақ» тобында «3 жас» - 1 сағат «Би өнері» вариативтік бағдарламасы, жылдық жүктемесі бойынша -36 сағат меңгерілді, ал (4 жас) бойынша апталық оқу жүктемесінің көлемі-14 сағатты құрайды. Вариатив компоненті (4 жас)-2 сағат. 1 сағат- «Оригами» вариативтік бағдарламасы, жылдық жүктемесі бойынша -36 сағат меңгерілді. 1 сағат -«Би өнері» вариативтік бағдарламасы жылдық оқу жүктемесі бойынша – 36 сағат меңгерілді.

2018-2019 оқу жылы бойынша вариатив компоненті «Құлыншақ» тобында «3 жас» - 1 сағат «Би әлемі» вариативтік бағдарламасы, жылдық жүктемесі бойынша -36 сағат меңгерілді, ал (4 жас) бойынша апталық оқу жүктемесінің көлемі-14 сағатты құрайды. Вариатив компоненті (4 жас)-2 сағат. 1 сағат- «Би әлемі» вариативтік бағдарламасы, жылдық жүктемесі бойынша -36 сағат меңгерілді. 1 сағат -«Театр әлемі» вариативтік бағдарламасы жылдық оқу жүктемесі бойынша – 36 сағат меңгерілді.

2019-2020 оқу жылы бойынша вариатив компоненті «Құлыншақ» тобында «3 жас» - 1 сағат «Би әлемі» вариативтік бағдарламасы, жылдық жүктемесі бойынша -36 сағат меңгерілді, ал (4 жас) бойынша апталық оқу жүктемесінің көлемі-14 сағатты құрайды. Вариатив компоненті (4 жас)-2 сағат.

1 сағат- «Театр әлемі» вариативтік бағдарламасы, жылдық жүктемесі бойынша -36 сағат меңгерілді.

1 сағат -«Дидактикалық ойындар» вариативтік бағдарламасы жылдық оқу жүктемесі бойынша – 36 сағат меңгерілді.

2020-2021 оқу жылы бойынша вариатив компоненті «Құлыншақ» тобында «3 жас» - 1 сағат «Би әлемі» вариативтік бағдарламасы, жылдық жүктемесі бойынша -36 сағат меңгерілді, ал (4 жас) бойынша апталық оқу жүктемесінің көлемі-14 сағатты құрайды. Вариатив компоненті (4 жас)-2 сағат.

1 сағат- «Ертегілер елінде» вариативтік бағдарламасы, жылдық жүктемесі бойынша -36 сағат меңгерілді.

1 сағат -«Өнерлі екен он саусақ» вариативтік бағдарламасы жылдық оқу жүктемесі бойынша – 36 сағат меңгерілді.

2021-2022 оқу жылы бойынша вариатив компоненті «Құлыншақ» тобында «3 жас» - 1 сағат «Сөйле балдырған» вариативтік бағдарламасы, жылдық жүктемесі бойынша -36 сағат меңгерілді, ал (4 жас) бойынша апталық оқу жүктемесінің көлемі-14 сағатты құрайды. Вариатив компоненті (4 жас)-2 сағат.

1 сағат- «Ойынмен өсеміз» вариативтік бағдарламасы, 1-жарты жылдық оқу жүктемесі бойынша- 17 сағат меңгерілді.

1 сағат «Кел, билейік» вариативтік бағдарламасы 1- жарты жылдық оқу жүктемесі бойынша – 34 сағат меңгерілді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша «Ұлттық бұйымдар» атты ата-аналар мен тәрбиеленушілердің қатысуымен сурет көрмесі өтті. Көрмеге 16 ата-ана, 25 тәрбиеленуші қатысты. «Рухани жаңғыру-біздің балабақшада» атты көрме өтті. «Ұлттық ойындар» атты танымдық іс-шара ұйымдастырылды. «Ұлпа қарлар» бала денсаулығын нығайту мақсатындағы қысқы серуен.

«Қуанса бала қуансын» атты апталық, фотокөрме.

Тұңғыш Президент күніне орай іс-шаралар жоспары жасалынып, «Елін сүйген ЕЛБАСЫ» кітаптар көрмесі өтті. Тәрбиеленушілерге Елбасы туралы мәліметтер беріліп, Елбасының өмір жолымен таныстырылды. «Киелі шаңырақ» ашық қаралым «Құлыншақ» ересек тобында ұйымдастырылды. Бөбекжай педагогтарымен психолог «Адалдық – ардың ісі» дөңгелек үстел өткізген.

«Домбыра-халық даналығы», «Табиғат- тал бесігім» тақырыптарында ұйымдастырылған оқу қызметі барлық жылдар бойынша жоспарлы өткізіліп, мерекелік ертеңгіліктер, мерекелік сағаттар ұйымдастырылған.

Барлық оқу жылы бойынша ата-аналармен жұмыс жүйелі түрде жүргізілгенін ұйымдастырылған іс-шаралар арқылы байқауға болады. Мысалы: «Қариялар күні» мерекесіне орай «Қарттарым – асыл қазынам», «Атам- асқар тауым, әжем-шуақ шашқан таңым» атты, «Алтын күз» мерекесі қарсаңында «Күз сыйы» атты табиғи материалдардан көрме ұйымдастырылып, «Күз сыйы», «Берекелі күз» ертеңгіліктері, ата-аналармен «Күз береке-күз мереке» колөнер байқауы табиғи материалдан жасаған бұйымдарынан көрме ұйымдастырылды. Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында ата-аналардың қатысуымен «Тәуелсіз Қазақстанға -30жылы» атты онлайн суреттер көрмесі өтті. «Ханталапай» ұлттық ойыны, «Дені саудың-жаны сау» денсаулық күні өтті. «Діни экстремизм –ғасыр дерті» ұжым қызметкерлерімен түсіндіру жұмысы. «Ел іші – өнер кеніші», колөнер шебері «Мен еңбекті сүйемін» тақырыбында бұйымдардың жасалу жолдарымен таныстырған.

«Қызықты ойындар», «Бәрін білгім келеді» ауоқ апталық, «Театр-тәрбие ошағы» ертегілер апталығы, Шынықсаң шымыр боларсың» денсаулық күні, «Өнерлі бүлдіршін» апталық.

«Денсаулық еліне саяхат» денсаулық күнінде спорттық сайыс апталығы.

«Бабалар өсиеті», «Ұлы даланың жеті қыры», «Рухани жаңғыру», «Өрт қауіпсіздігі», «Жол ережелерін сақтау», «Дәрумендер», «Болашаққа бағдар-рухани жаңғыру», «Тәуелсіздік белестері», «Жыл мезгілдері» атты жылжымалы папкілер, «Менің қызықты – бір күнім» - фотокөрме, практикалық ұсыныстар психолог кеңесі, «Мектепке барамын» тақырыбында ата-аналарды, психолог, бастауыш сынып мұғалімдерін қатыстыру негізінде ашық есік күні, «Желшешек» Тұмаудан сақтанайық» медбике кеңесі, «Бала-бағым, бала-жаным» кеңес, «Дені сау болып өсемін!» «Егу не үшін қажет?» медбике кеңесі, «Жол тәртібін білейік, Аман есен жүрейік!» - жылжымалы папка, «Құстарға ұя» табиғи материалдардан көрме, «Ата-ана балаңыз мектепке дайын ба?» атты сауалнама, «Ертегілер әлемі» кітаптар көрмелері ұйымдастырылды. Психологиялық қызметінің негізгі міндеті балалардың дамуы, психологиялық қолдау көмегін көрсету үшін психологиялық жағдай жасау болып табылды. Психодиагностиканың негізгі мақсаты мектеп жасына дейінгі бала тұлғасының қалыптасуы мен толыққанды дамуына кедергі келтіретін жағдайларды анықтау. Оқу жылында мінез-құлық (даму) белгілері бойынша зерттелген, мектеп жасына дейінгі баланың даму ерекшелігін бағалау жүргізілді. Тәрбиеленушілердің білімін мөлшерлеуші ретінде, балаларды жетілдіруді дамыту деңгейінің диагностикалық картасы қолданылады. Бұл үшін барлық жастағыларды зерттеу картасы әзірленген. Мөлшерлеу құралы болып, әр түрлі тақырыптағы тапсырмалар, 5 білім беру саласы: «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» салалары бойынша әр түрлі жастағы бүлдіршіндермен дидактикалық материалдар қолданылған. Балаларды бақылау әңгілелесу, бала әрекетінің өнімдерін талдау, диагностикалық жағдаяттар арқылы жүзеге асырылған. Тексеру нәтижелеріне өтпелі тақырыптық есеппен қорытынды жасалады және одан әрі жұмыс істеу үшін түзетулер енгізілген. Жалпы топ бойынша: бақылау жұмыстары «Суреттерді есте сақтау» жад (зерде), «Бір сөзбен ата» ойлау, «Төртіншісі артық» ойлау, «Мектептегі оқуға қаблетін зерттеу» қабылдау, «Айырмашылықты тап» зейін. Ағартушылық-профилактикалық бағыт: «Боди-арт» әдісімен «Мен қандаймын», «Досыңмен кездесу» тренинг, «Сықырлы сөздер» тренинг, «Сыйлық» ойлауды дамыту ойын, «Қолың қайда» ойын, «Жағымды сөздер» тілек айту, «Не өзгерді» ойын, «Достық» ойын, «Жаңа ертегі» қиялдау.

Түзету-дамытушылық: «Ойыншықтар» ойлау, «Бір, екі, үш» ойлауды дамытуға арналған ойын, «Сандар», «Аяқталмаған суреттер» қабылдау, «Пішіндерді орындарына қой» сенсорика, «Маған қарай жүгіріндер» сенсорика, «Машиналарды гаражға қой» ойын, «Құм терапиясы» ұсақ қол моторикасы, ойлау қаблетін дамыту бойынша педагогикалық-психологиялық қолдау жұмыстары жүргізілген.

2.6. Тәрбиеленушілер контингенті

Тәрбиеленушілер контингенті:

2017-2022 оқу жылдарындағы балалардың жалпы саны:

Оқу жылы	Балалардың жалпы саны	Қазақ тілінде тәрбиеленетін балалар
2017-2018 оқу жылы	50	50
2018-2019 оқу жылы	50	50
2019-2020 оқу жылы	50	50
2020-2021 оқу жылы	50	50
2021-2022 оқу жылы	50	50

3. Кадрлар әлеуетіне талдау:

3.1. Штаттық кестеге сәйкес білім беру ұйымының педагогтармен қамтамасыз етілуі.

3.2. Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәлімет

«Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 169 бұйрығына негізделіп, педагогтер лауазымының атаулары бөбекжай-бақшасының штат кестесінде осы сипаттамада көрсетілген лауазымдық атауларға сәйкес келеді. Мамандардың лауазымдық міндеттер мен білім талаптарына (меңгеруші, әдіскер, психолог, 6-тәрбиеші, музыка жетекшісі, хореограф) лауазымдары бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген қызметтің барлық саласына арналған жалпы біліктілік сипаттамасының негізінде сәйкес келетіндігі анықталды. Жоғарыда көрсетілген штаттық кестеге сәйкес педагог мамандармен қамтылған.

3.3. Біліктілік арттыру курснан өткен педагогтар туралы мәлімет (2017-2021-2022, 5 оқу жылы бойынша): Бөбекжай-бақшасының педагогтары білім беру мен тәрбиелеу арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етуді үздіксіз жүзеге асыру мақсатында, педагогикалық шеберлікті жетілдіруге мүмкіндік беретін аудиториялық және қашықтықтан оқыту нысанында біліктілікті арттыру курстарынан өткен. Педагогтердің кәсіби өсуінің үздіксіздігі қамтамасыз етілген.

№	Педагогтың аты жөні	қызметі	Курсан өткен жылы	Курс тақырыбы	Курс өткен мекеме
1	Сарпикова Амангул Болатбекқызы	меңгеруші тәрбиеші	13.05-24.05. 2019ж	«Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырудың педагогикалық аспектілері»	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының Ақтөбе қалалық филиалы 72сағ

		14.10 -25.10. 2019ж	«Мектепке дейінгі ұйымдарды басқарудың инновациялық амалдары»	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Өрлеу»біліктілікті арттыру ұлттық орталығы Алматы 72сағ	
		28.12.2019ж	«Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім беруді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу»	Қазақстан Республикасы Нұр-Сұлтан қаласы «AGZHAN» ғылыми – білім беру орталығы 72с	
		29.06.2021ж	«Б.Блум таксономиясы негізінде басқарудың инновациялық тәжірибесінің мақсаттары мен нәтижелерін жоспарлау»	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Өрлеу»біліктілікті арттыру ұлттық орталығының Ақтөбе қалалық филиалы 8сағ	
		22.09.2021ж	«Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтарының біліктілігін арттырудағы әдістемелік қызметтің рөлі»	«U - STUDY» аймақтық тестілеу орталығы «НұрScience» ғылыми – әдістемелік жоғары мектебі	
		22.12.2021ж	«Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтарының біліктілігін арттырудағы әдістемелік қызметтің рөлі»	«U - STUDY» аймақтық тестілеу орталығы «НұрScience» ғылыми – әдістемелік жоғары мектебі	
		тәрбиеші	2018ж	Аттестатталушы педагогтың әдістемелік жұмысының панорамасы»семинар-практикум	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы
			10.10-12.10.2018ж	Азаматтық қорғау саласындағы даярлық	«Ақтөбе облысының төтенше жағдайлар департаменті»ММ
	2018ж	Мектепке дейінгі ұйымды басқару: жоспарлау және бақылау	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы		
2	Бакиланова Арайлым Кенжебекқызы	әдіскер	28.12.2019ж	«Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім беруді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу»	Қазақстан Республикасы Нұр-Сұлтан қаласы «AGZHAN» ғылыми – білім беру орталығы 72с
3	Түгелова Зайтуна Мырзағұлқызы	психолог	28.12.2019ж	«Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім беруді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу»	Қазақстан Республикасы Нұр-Сұлтан қаласы «AGZHAN» ғылыми – білім беру орталығы 72с
			24.05-03.06.2021ж	«Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологиялары»	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы»АҚ Ақтөбе. 80 с
4	Бисенбаева Шынар Махаббатқызы	тәрбиеші	12.11-23.11. 2018ж	«Мектепке дейінгі ұйымдарды білім беру процесін жалпы білім берудің жаңа үлгілік бағдарламасына сәйкес жобалау»	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы»АҚ Ақтөбе. 72 с
			12.08-	«Педагог мамандардың ерекше білім	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

			27.08.2021ж	беруді қажет ететін балалармен түзету- дамыту жұмыс түрлері»	министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ Ақтөбе. 80с
5	Өміржан Аякөз Жексенбайқызы	тәрбиеші	28.12.2019ж	«Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім беруді психологиялық- педагогикалық сүйемелдеу»	Қазақстан Республикасы Нұр-Сұлтан қаласы «AGZHAN» ғылыми – білім беру орталығы 72с
			12.08- 27.08.2021ж	«Педагог мамандардың ерекше білім беруді қажет ететін балалармен түзету- дамыту жұмыс түрлері»	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ Ақтөбе. 80с
6	Рза Әсемгүл Қуанышқызы	тәрбиеші	14.06..2021ж	Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктіліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Педагогикалық шеберлік орталығының Ақтөбе қалалық филиалы 235 сағат
7	Ізім Аманша Қуанышқызы	тәрбиеші	09.03- 19.03.2021ж	«Мектепке дейінгі ұйымның сапасын бағалау негізінде заттық-кеңістік дамытушы ортасын жобалау»	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ Ақтөбе. 72 с
8	Қамысбаева Саржан Сақыпқызы	тәрбиеші	09.03- 19.03.2021ж	«Мектепке дейінгі ұйымның сапасын бағалау негізінде заттық-кеңістік дамытушы ортасын жобалау»	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ Ақтөбе. 72 с
9	Түгелова Райхан Мырзағұлқызы	музыка жетекшісі	10.04.2019ж	«Қағаз пластикасы – балалардың шығармашылығы мен қиялын дамыту»	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы
			14.10- 25.10.2019ж	«Музыка арқылы өскелең ұрпақтың дүниетанымын қалыптастыру»	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ Ақтөбе. 80 с

3.4. Педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру туралы мәліметтер

Оқу жылдары	Педагог тар саны	Обл.білім жетілдіру институты; «Өрлеу» БАҰО АҚ Ақтөбе облысы бойынша ПҚБАИ	«ҚРӨОрталығы»	ҚРБҒМ «ПШОрталығы»	Басқа	Курстан өткен барлық педагогтар саны
2017-2018	9	2	-	-	-	2 (22,2%)
2018-2019	8	2	1	-	5	8 (88,8%)
2019-2020	9	-	-	-	-	-
2020-2021	9	7	-	1	-	8 (88,8%)

2021-2022	9	2	-	-	-	2 (22,2)жарты жыл бойынша
5 оқу жылы бойынша біліктілік арттыру курсынан өткен мамандар үлесі						9 (100%)

Өткен және осы оқу жылдарында «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы»АҚ облыстық біліктілікті арттыру институтында, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Педагогикалық шеберлік орталығында» қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстарынан -9 (100%) педагог білім жетілдіру курстарынан өтті. Педагогтардың барлық педагог мамандар біліктілік арттыру курсынан өткен.

3.5. Жас құрамы бойынша:

Оқу жылдары	Педагогтар саны	20-30 жас	30-40 жас	40-50 жас	51 жастан жоғары
2017-2018	9	5 (55,5%)	3 (33,3%)	-	1 (11,1%)
2018-2019	8	3(33,3%)	2 (22,2%)	2 (22,2%)	1(11,1%)
2019-2020	9	4(44,5%)	2 (22,2%)	2 (22,2%)	1 (11,1%)
2020-2021	9	4 (44,4%)	1 (11,1%)	3 (33,3%)	1 (11,1%)
2021-2022	9	3 (33,3 %)	2(22,2%)	2(22,2%)	1 (11,1%)

3.6. Кадрлардың педагогикалық еңбек өтілі бойынша құрамы

Оқу жылы	Педагог қызметкерлердің еңбек өтілі						
	барлығы	3 жылға дейін	3 жылдан-5 жылға дейін	5 жылдан 10 жылға дейін	10 жыл- 15 жылға дейін	15 жыл- 20 жылға дейін	20 жылдан жоғары
2017-2018	9	2	2	2	1	1	1
2018-2019	8	3	2	-	2	-	1
2019 – 2020	9	4	2	-	2	-	1
2020-2021	9	4	1	2	1	-	1
2021-2022	9	4	1	2	1	-	1

3.7. Біліктілік санаты бойынша педагогтар құрамы:

Оқу жылдары	Педагогтар саны	Жоғары	Бірінші	Екінші	модератор	Санаты жоқ
2017-2018	9	-	-	1-11%	-	8-88,8%

2018-2019	8	-	1-11%	-	-	7-87,5%
2019-2020	9	-	1-11%	1-11%	-	7-77,7%
2020-2021	9	-	1-11%	1-11%	-	7-77,7%
2021-2022	9	-	1-11%	1-11%	-	7-77,7%

Жоғары санаты педагогтар жоқ. Бірінші, екінші санаты бар педагогтардың саны-2 (22%). Төмендегі оқу жылдармен салыстырғандағы біліктілік санаттарының өсім көрсеткіші:

2017-2018 оқу жылы-1 педагог -11%;
 2018-2019 оқу жылы- 1 педагог- 11%;
 2019-2020 оқу жылы- 2 педагог - 22 %;
 2020-2021 оқу жылы- 2 педагог- 22 %;

5 оқу жылы бойынша (2017-18;2018-19;2019-20;2020-21;2021-2022 о.ж)біліктілік санаты бар педагог мамандар саны -2 педагог 22 % . Педагогтардың еңбек етуіне жағдай толық жасалған. Меңгеруші, әдіскер кабинеті бар. Кабинетте 1 компьютер, 2 ноутбук, 2 түрлі-түсті, 2 жай принтер бар. Педагогтардың кабинетте отырып жұмыс жасауына үстел қойылған. Педагогтардың еңбегін мадақтау үнемі жүзеге асырылады.

Әкімшілік-басқару қызметкерлер құрамы

Әкімшілік –басқару қызметкерлерінің құрамы штаттық кестеге сай жұмыс жасайды. Әкімшілік –басқару қызметкерлер құрамы төмендегіше:

«Еркетай» мектепке дейінгі ұйымын басқару қызметін А.Б.Сарпикова атқарады. Педагогикалық еңбек өтілі -33 жыл, I санатты педагог. Осы аталған мекемеде 04.07.2008 жылдан жұмыс жасауда. Білімі – арнаулы орта: Ақтөбе педагогикалық училищесі 1983 жыл, «мектепке дейінгі мекеме тәрбиешісі» мамандығы.

Басқару қызметін талдауы басшы мен әкімшілікпен, педагогтар арасында өзара анықталған қарым-қатынаста аналитикалық жұмыс жүйесін түсінікпен орындалатынын көрсетеді. Басқару қызметі педагогикалық ұйымның шапшаңдылығына және әр түрлі құбылыс қызметі туралы басқа түрдегі ақпаратпен негізделеді. Жылдық жұмыстың жоспарын талдау соңғы 4 жыл ішінде педагогикалық кеңес хаттамасы, оқу тәрбие процесін бақылау негізінде жұмыстың барлық құбылысы қаралды.

Әдіскер –А.К.Бакиланова «Еркетай» мектепке дейінгі ұйымында 2019 жылдан бастап жұмыс жасайды. Осы қызметі бойынша 2011 жылдың қараша айынан бастап жұмыс жасайды. Білімі – арнаулы орта:

«Бәйішев атындағы университетінің медициналық-әлеуметтік колледжі ЖШС «2018 жыл, мамандығы: «бастауыш білім беру»

Шаруашылық меңгерушісі Н.Ж.Шектібаева 2010 жылдың қазан айынан бастап жұмыс жасайды. Білімі – орта . Іс қағаздарын жүргізуі талаптарға сай, іс-қағаздар номенклатурасы қалыптастырылған, меңгерушімен бекітіліп, құрылтайшымен келісілген. Осы құжаттар негізінде төмендегі құжаттар қалыптастырылған.

Медбике – Г.К.Бөлекеева білімі арнаулы орта, Ақтөбе медицина колледжі, 2004ж бітірген, осы мекемеде еңбек өтілі 14 жыл

Медбикенің құжаттары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 09 шілдесіндегі № 23469 бұйрығы негізінде «Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» бойынша жинақталған.

Есепші – Білімі – арнаулы орта, бухгалтер -экономист ..«Еркетай» МДҰ-да 2010 жылдан жұмыс жасауда. Барлық құжаттарын уақытында жүргізеді. Мемориалдық кітап жүргізіледі, тігілген, нөмірленген. Ата-аналар жарнасының шоттары бар, айналым ведомосы бар, талаптарға сай жүргізіледі.

Барлық атқарушылардың жауапкершілік деңгейін қамтамасыз ететін әкімшілік мүшелерінің арасында функционалды міндеттері белгіленген. Меңгерушінің нормативті құжаттарға арналған жинақ папкісі бар. Меңгерушіге қажетті барлық құжаттары талапқа сай. Бұйрықтар кітаптары сауатты жүргізілген. Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында жоспар бойынша жұмыстар жүргізілген. Мектепке дейінгі ұжымда салауатты психологиялық жақсы ахуалды қарым-қатынас қалыптастырылған.

4. Қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау:

4.1. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

«Еркетай» бөбекжай-бақшасында оқу-тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативтік-басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады. Бағаланатын жылдардағы барлық топтарында үлгілік оқу жоспарына сәйкес апталық оқу жүктемесі жоспарланған. Білім беру ұйымының білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу 2017-2018 оқу жылында негізгі оқу жоспарының мазмұны «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі заңының 5-бабының 6-шы тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген 2016 жылғы 22-ші маусымындағы №391 бұйрығы негізінде бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыру және базалық оқу жоспарын басшылыққа ала отырып балабақшаның оқу жоспары жасалды.

2017-2018 оқу жылының жүктеме сағаттары. Білім салалары бойынша

Ерте жас топ: «Денсаулық»-108 сағат, «Коммуникация»-36 сағат, «Таным»-72 сағат, «Шығармашылық»-108 сағатты құрады. Барлығы -324 сағат;

I кіші топ: «Денсаулық»-108 сағат, «Коммуникация»-72 сағат, «Таным»-90 сағат, «Шығармашылық»-108 сағат, «Әлеумет» -18 сағатты құрады. Барлығы -396 сағат;

II кіші топ: «Денсаулық»-108 сағат, «Коммуникация»-90 сағат, «Таным»-90сағ, «Шығармашылық»-126 сағат, «Әлеумет» -18 сағат құрады. Барлығы -432 сағат; Вариативтік компонент 1 сағат: 1) «Би билейік дөңгелеп» - 36сағат; 2)

Ортаңғы топ: «Денсаулық» - 108 сағат, «Коммуникация» - 180 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 180 сағат, «Әлеумет» - 54 сағат құрады. Барлығы – 612 сағат; Вариативтік компонент қазақ 2 сағат: 1) «Би билейік дөңгелеп» - 36 сағат; 2) «Мен кімін» - 36 сағат;

2018-2019 оқу жылының оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңының» 2007 жылғы 27 шілдедегі 5-бабының 6-тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13-мамырдағы №292 қаулысымен бекітілген 2016 жылдың 22-маусымындағы №391 бұйрығы негізінде бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыру және базалық оқу жоспары негізінде құрылды.

2018-2019 оқу жылының жүктеме сағаттары. Білім салалары бойынша

Ерте жас топ: «Денсаулық»-108 сағат, «Коммуникация»-36 сағат, «Таным»-72 сағат, «Шығармашылық»-108 сағатты құрады. Барлығы -324 сағат;

I кіші топ: «Денсаулық»-108 сағат, «Коммуникация»-72 сағат, «Таным»-90 сағат, «Шығармашылық»-108 сағат, «Әлеумет» -18 сағатты құрады. Барлығы -396 сағат;

II кіші топ: «Денсаулық»-108 сағат, «Коммуникация»-90 сағат, «Таным»-90сағ, «Шығармашылық»-126 сағат, «Әлеумет» -18 сағат құрады. Барлығы -432 сағат; Вариативтік компонент 1 сағат: 1) «Би билейік дөңгелеп» - 36сағат;

Ортаңғы топ: «Денсаулық» - 108 сағат, «Коммуникация» - 180 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 180 сағат, «Әлеумет» - 54 сағат құрады. Барлығы – 612 сағат; Вариативтік компонент 2 сағат: 1) «Мен кімін» - 36 сағат; 2) «Би билейік дөңгелеп» - 36 сағат;

2019-2020 оқу жылының оқу жұмыс жоспарының мазмұны Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талаптарына сәйкес құрылған.

Типтік оқыту жоспары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту негізгі ережелер 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы негізінде және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 маусымдағы №391 бұйрығымен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 10 қазандағы №556 бұйрығы, сонымен қатар «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2019-2020 оқу жылында білім процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік – нұсқау хатын» негізге ала отырып құрылды.

2019-2020 оқу жылының жүктеме сағаттары. Білім салалары бойынша

Ерте жас топ: «Денсаулық»-108 сағат, «Коммуникация»-36 сағат, «Таным»-72 сағат, «Шығармашылық»-108 сағатты құрады. Барлығы -324 сағат;

I кіші топ: «Денсаулық»-108 сағат, «Коммуникация»-36 сағат, «Таным»-72 сағат, «Шығармашылық»-108 сағатты құрады. Барлығы -324 сағат;

ІІ кіші топ: «Денсаулық»-108 сағат, «Коммуникация»-90 сағат, «Таным»-90сағ, «Шығармашылық»-126 сағат, «Әлеумет» -18 сағат құрады. Барлығы -432 сағат; Вариативтік компонент 1 сағат: 1) «Би билейік дөңгелеп» - 36сағат;

Ортаңғы топ: «Денсаулық» - 108 сағат, «Коммуникация» - 180 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 180 сағат, «Әлеумет» - 54 сағат құрады. Барлығы – 612 сағат; Вариативтік компонент 2 сағат: 1) «Мен кімін» - 36 сағат; 2) «Би билейік дөңгелеп» - 36 сағат;

2020 – 2021 оқу жылының оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талаптарына сәйкес құрылған.

